

Ж.Т. Джалдыбаев^{1*}, С.Т. Мусаева¹, Н.Р. Мырзаханова², Э.А. Байдалиева³

¹ М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан;

² М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз, Қазақстан;

³ Академик Ә. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті, Шымкент, Қазақстан
(E-mail: jomartt67@mail.ru; suikum@mail.ru; m.nazgul0374@mail.ru; emma303@inbox.ru)

Дипломатиялық құжаттардағы тәуелсіз Қазақстан тарихы (деректанулық талдау)

Тарих ғылымында тарихи деректермен жұмыс жасау — бұл тарихшының негізгі қызметі саналады. Тарихшылардың зерттеу жұмыстарындағы тарихи деректің рөлі мен алатын орны тарихнаманың негізіндегі зерттеулерді кеңейте түседі. Бұл әсіресе мемлекетаралық тарихты және халықаралық қатынастар мен сыртқы саясат тарихын зерттеуге мүмкіндік беретін жаңа тарихи деректерді зерттеу барысында маңызды. Деректанудың бұл түрі дипломатиялық құжаттардың қазіргі кезең тарихының жазба деректері ретіндегі маңызын жоғарлатады. Мақалада қазіргі кезеңдегі дипломатиялық құжаттардың көбеюі және олардың маңызының жоғарлауымен байланысты дипломатия саласындағы құжаттардың рөлі қарастырылған. Авторлар дипломатиялық құжаттар арқылы тарихты зерттеудің маңыздылығын дәлелдейді. Мақала тақырыбының өзектілігі жаһандану және интеграция кезеңіндегі халықаралық қатынастар мен сыртқы саясат тарихының дамуымен және мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың өзара тәуелділігінің дамуымен байланысты. Тарихи деректану тұрғысынан алғанда дипломатиялық құжаттардың санының өсуі мен сапасының артуы нәтижесінде құжат ортасының дамуы жүрде. Мұның өзі тарихты тану мен зерттеу барысында дипломатиялық құжаттарды қолданудың жаңа тәсілдерін қолдануды және дипломатиялық тарихи құжаттардың жаңа жіктеулерін қажет етеді. Біздің пікірімізше, осы аталғандарды ескере отырып және қазіргі кезеңдегі Қазақстанның тарихын, халықаралық қатынастар мен дипломатия саласын зерттейтін тарихшылардың шығармашылық қуатын жетілдіру қажет.

Кілт сөздер: тәуелсіз Қазақстан тарихы, дипломатиялық құжат, дипломатия, сыртқы саясат тарихы, тарихи дерек, деректану, дипломатиялық құжаттардың жіктелуі.

Kipicne

Қазіргі кезеңдегі тарих ғылымында ғалымдарды қызықтыратын мәселелер шеңберінің кеңеюіне байланысты тарихи жазба деректің маңызы айтарлықтай жоғарылағаны белгілі. Сондықтан, ғылыми зерттеулердегі тарихи жазба деректің атқаратын рөлін анықтау әрқашан тарих ғылымының басты назарында болып келді. Деректану ғылымының негізін қалаушылар, француз ғалымдары Ш. Ланглуа мен Ш. Сеньобос «Дерек — тарихи білімнің бірден-бір қайнар көзі. Тарих деректердің негізінде жазылады. Дерек жоқ болса — тарих та жоқ» деп, тарихи деректердің маңыздылығын жоғары бағаласа [1: 36], ресейлік деректанушы В.О. Ключевский тарихи деректердің ерекше танымдық рөлін айта келе, тарихи дерек дегеніміз «өткен өмірдің ескерткіші» деп бағалайды [2: 186]. Ал, О.М. Медушевскаяның пікірінше, тарихи дерек — бұл қоғамның даму үдерісі туралы мәлімет алу үшін қолданатын адамзат қызметінің өнімі (нәтижесі) болып саналады [3: 34]. Осы себептен, тарихтағы барлық мәселенің ақиқаты, нақтылығы, шынайылығы деректерге байланысты. Кез келген елдің тарихында өзіндік деректер болады. Ол деректердің түрлері де әртүрлі болуы мүмкін. Осы ретте өз мемлекетіміздің тарихын алып қарайтын болсақ, Қазақстанның да дамуы көптеген кезеңдерді басынан өткерді. Сәйкесінше сол кезеңдерде көрші болған ұлттармен және мемлекеттермен байланыс орнатты. Қазақстан өзінің мәдени, экономикалық, сауда, әскери байланыстарын орнатып, оны дамытуда үлкен тәжірибесі бар. Бұл байланыстардың жиынтығын халықаралық қатынастар тұрғысынан дипломатиялық байланыстар немесе дипломатиялық қарым-қатынастар деп атаймыз. Мұндай байланыстар әрқашанда халықаралық құқық нормаларына сәйкес жүргізілген және бүгінде жүргізіліп келеді. Сонымен бірге халықаралық ынтымақтастық тиісті құжаттармен рәсімделеді. Ендеше дипломатиялық құжаттардың деректану ғылымында өзіндік алатын орны болуы керек.

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: jomartt67@mail.ru

Қазіргі жаһандану кезеңінде мемлекеттер арасындағы өзара байланыстар мен өзара тәуелділіктің нығаюы және мемлекеттердің өзара бірігуі мен қарым-қатынас орнатуы арқылы шешімін табуға болатын әртүрлі мәселелердің бар болуы дипломатиялық құжаттардың маңыздылығын арттырып отыр. Себебі, мемлекеттердің арасындағы барлық бағыттар бойынша қарым-қатынас немесе ынтымақтастық тек қана дипломатиялық құжаттар арқылы жүзеге асырылатыны белгілі. Сондықтан, дипломатиялық құжаттар өзінің мазмұнында кез келген бір мемлекеттің сыртқы саясаты мен дипломатиясы, оның негізгі бағыттары және әлемдік аренадағы белгілі бір ұстанымдары мен қызығушылықтары жөнінде құнды мәліметтерді сақтайды. Осындай тарихи құбылыстарды ғылыми тұрғыдан зерттеу және дәлелдеу үшін дипломатиялық құжаттардың тарихи дерек ретіндегі маңызы зор. Осымен бірге, Қазақстан Республикасының көпвекторлы сыртқы саясаты мен дипломатиясының нәтижесінде пайда болған дипломатиялық құжаттар санының өсуі мен түрлерінің көбеюі оларды тарихи жазба дерек ретінде пайдаланудың мүмкіндіктерін жасап берді. Сондықтан, осы дипломатиялық құжаттарды тәуелсіз Қазақстан тарихын зерттеу мен дәлелдемелер жасау барысында дерек ретінде пайдаланудың маңызы бар. Осы себептен, мақаланың мақсаты — қазіргі кезеңдегі Қазақстанның тарихын зерттеу барысында дипломатиялық құжаттардың маңызды екенін ашып көрсету.

Зерттеудің материалдары және әдістері

Мақалада қолданған материалдардың негізін Қазақстан Республикасы Президенті архивінің 75-Н қорының 81, 83, 84 және 128, 132-ші істерінің дипломатиялық құжаттары құрайды. Соның ішінде XX ғ. 90 жылдарында Эстония Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне жолдаған Нотасы, Австралияның Мәскеудегі Елшілігінің Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жіберген Нотасы, Мәскеудегі Жапонияның Елшілігі Жапонияның Сыртқы істер министрі Митио Ватанвэнің атынан Қазақ КСР Сыртқы істер министрі А.Х. Арыстанбековаға Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін мойындағаны жөнінде мәлімет сақталған Хат, Герман Федеративтік Республикасының Президенті Вайцзеккер, Рихард фон Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевқа жолдаған Хат, Қазақстан Республикасының Сыртқы Істер министрі Т. Сүлейменовтің ҚР Президентіне жолдаған Есебі бар.

Мақаланың теориялық-методологиялық негізіне Ш.В. Лангула мен Ш. Сеньбостың, Л. Ранкенің, ресейлік деректанушылар В.О. Ключевскийдің және О.М. Медушевскаяның еңбектері алынды. Мысалы, Л. Ранкенің тарихи танымның негізі — бұл «тек қана тарихи деректер» [4] деп атап көрсетуі, сонымен бірге оның саяси сипаттағы ресми құжаттарға басты мән беріп, бұл құжат түрлерінде объективті шындық сақталған сенімді құжат деп бекіткені аталмыш мақала үшін маңызды методологиялық принцип.

Зерттеудің методологиялық негізін диалектика және объективтілік принциптері құрайды. Дипломатиялық құжаттарды олардың дамуы мен динамикасында қарастыруға, оның себеп-салдарын анықтау барысында диалектика принципі басшылыққа алынды. Объективтілік принципі белгілі бір мәселе бойынша дипломатиялық құжаттардың барлық жиынтығын анықтауға бағыттап, дипломатиялық құжаттардағы ақпараттың дәйектілігін анықтау, ол ақпараттың берілу себебін тексеру, ақпараттың әлеуметтік-саяси ұстанымға тәуелділік дәрежесін анықтау міндетін шешу барысында негізге алынды.

Дипломатиялық құжаттардың деректік рөлін анықтау барысында жүйелі-құрылымдық әдіс қолданылды. Бұл әдіс дипломатиялық құжаттардың мазмұнындағы тарихи материалды түсіндіруге мүмкіндік берді. Арнайы тарихи әдістердің қатарынан тарихи-салыстырмалы және тарихи-типологиялық әдістер дипломатиялық құжаттарда орын алған оқиғалар мен құбылыстарды өзара байланыста зерттеуге мүмкіндік берді. Дипломатиялық құжаттардың мазмұнын талдауда мәтіндік талдау әдісі пайдаланылды. Бұл әдіс дипломатиялық құжаттармен жұмыс жасау барысында құжат мәтінін салыстыра зерттеуге мүмкіндіктер туғызды. Дипломатиялық құжаттардың ақпараттық қуатын анықтауда және олардың пайда болуының тарихи жағдайын зерттеуде, құжаттың пайда болуының немесе жасалуының нақты жағдайын анықтау барысында деректанулық талдау әдісі қолданылды. Дипломатиялық құжаттардан тарихи жазба дерек көзі ретінде ақпарат алудың маңызды бір әдісі — контент-талдау әдісі пайдаланылды. Аталған әдіс дипломатиялық құжаттың мазмұнына, одан әртүрлі фактілер мен тенденциялардың өлшемдерін алу мақсатында сапалық-сандық талдау жасауға мүмкіндік береді.

Талқылау және нәтижелері

Алдымен, дипломатиялық құжаттардың тарихи дерек ретіндегі рөлін анықтау үшін дипломатиялық құжаттың анықтамасын және олардың жіктелуін қарастыру қажет. Себебі, дипломатиялық құжаттар өзінің түрі мен құрылымы жағынан айырмашылығы бар. Тарихи жазба деректердің кез келген бір түрі сияқты дипломатиялық құжаттар да кез келген бір мемлекеттің тарихи даму кезеңдері, оның сыртқы саясат тарихы, әлемдік аренадағы кез келген бір мәселе бойынша ұстанымдары жөнінде құнды ақпарат береді. Әрине, қазіргі уақытта дипломатиялық құжаттарды жіктеу көптеген сұрақтар туып, қазіргі кезеңдегі жалпы деректану, соның ішінде отандық деректанудың да өзекті мәселесі болуда. Өйткені, бүгінгі кезеңде дипломатиялық құжаттардың жіктелуі мәселесі бойынша ортақ бір пікір мен жалпыға танымал жіктелуі жасалмаған [5: 8].

Әрине, халықаралық қатынастардағы құжат айналымы дипломатиялық хат алмасу жолы арқылы жүзеге асырылатыны белгілі. Сондықтан, осы уақытқа дейін арнайы әдебиеттерде дипломатиялық хат алмасудың келесі бес түрі көрсетіліп келеді: жеке нота; вербальды нота; ескертпе жазба; меморандум; жартылай ресми сипаттағы жеке хаттар. *Жеке нота* — бұл арнайы қызметтік хат түріндегі дипломатиялық хат алмасу құжаты. Жеке нота маңызды немесе ымырашыл (пиринципшіл) сипаттағы ірі оқиға мәселесі бойынша ақпаратты қамтиды. *Вербальды нота* — дипломатиялық хат алысудың ең көп тараған түрі болып саналады және кең шеңбердегі мәселелерді қамтиды. Мысалы, екі жақты немесе көп жақты қатынастардағы саяси, экономикалық, ғылыми-техникалық т.б. мәселелер бойынша мемлекеттердің ұстанымдарын көрсетуға бағытталады. Сонымен қатар, вербальды нота виза сұрау үшін, болған оқиғалар туралы хабарлама алу үшін, өкілдік сипатындағы ақпаратты жеткізу үшін қолданады. *Ескертпе жазба (Notice)* — сұхбат соңында сұхбаттасқан адамға берілетін ауызша хабарламаның қысқаша баяндамасы [6: 98]. Ескертпе жазбаның мақсаты — сұхбат барысында жасалған мәлімдеменің немесе өтініштің маңыздылығын білдіреді [7]. *Меморандум* — «*memorandum*» (нені есте сақтау керек) деген латын сөзінен шыққан дипломатиялық құжаттың түрі. Меморандумның ерекше белгісі — қандай да болмасын мәселені дәлелге негіздеу немесе заңды түрде толық мазмұндау. Мысалы, дипломатиялық хат алысу тақырыбы бойынша мәселе (белгілі бір мемлекет үкіметінің басқа мемлекет үкіметіне сыртқы саясат және халықаралық жағдайдың негізгі мәселелер жөніндегі меморандум [8; 143]. *Жартылай ресми сипаттағы жеке хаттар* кез келген бір маңызды сұрақ жөнінде шешім қабылдау немесе әрекет ету, шешімді тездету т.б. бойынша белгілі бір ресми тұлғаға жіберіледі. Осылайша, дипломатиялық құжаттардың дәстүрлі жіктелуі қалыптасқандығын атап көрсетуге болады және дипломатиялық құжаттардың аталған түрлері ең көп тараған болып саналады. Дегенмен, бірқатар авторлар қазіргі кезеңдегі дипломатиялық тәжірибенің тереңдеуі және кеңеюін ескере отырып, дипломатиялық құжаттардың аталған дәстүрлі бес түрімен шектелуге болмайтынын атап өтеді.

Осы орайда, дипломатиялық құжаттарды жіктеудің бірден бір нұсқасын Э.Н. Муратов ұсынды. Ол дипломатиялық құжаттардың келесі түрлерін жіктеп көрсетеді: грамоталар (сенім, қайтармалы грамоталар); ноталар (вербальды, жеке, циркулярлы, жолдама ноталар); коммюнике; ескертпе жазбалар; меморандумдар; демарш; халықаралық келісімдер; хаттар (ресми, жеке, жартылай ресми, жолдама хаттар); телеграммалар (ресми, жолдама), факс [9]. Аталған жіктеу дипломатиялық құжаттардың негізгі түрлерін қамтиды, мұнда әр мемлекеттің сыртқы саяси ведомстваларының дипломатиялық қатынастарды орнату немесе тоқтату мақсатында алмасқан негізгі мемлекетаралық актілер қамтылған. Бірақ аталған жіктеу мемлекеттердің дипломатиялық ведомстволарының тікелей қатысы бар (құрастыру т.б.) халықаралық келісімдердің тобын және халықаралық ұйымдардың дипломатиялық құжаттарын қамтымағандығын көруімізге болады.

Зерттеуші Г. Акмадиева өзінің диссертациялық жұмысында дипломатиялық құжаттардың келесі шартты авторлық жіктеуін ұсынады: халықаралық келісім шарт; конвенция; хаттама; нота; декларация; меморандум; коммюнике; конвенция; ресми хат; ресми есеп (Сыртқы істер министрлерінің, Елшілердің есептері); телеграммалар. Г. Акмадиеваның пікірінше, дипломатиялық құжаттардың аталған түрлері халықаралық келіссөздердің бастапқы, негізгі және қорытынды бөлімдерін қамтамасыз ету барысында маңызды рөл атқарады [10: 55].

Біздің пікірімізше, саясаттанушылар, халықаралық қатынастар мамандары, дипломатиялық корпус мамандары, консулдық қызметкерлер, сонымен қоса Сыртқы істер министрлігінің қызметкерлері дипломатиялық құжаттарды тарихи жазба дерек ретінде жіктеудің мамандары бола алмайды.

Сондықтан, біздің ойымызша, дипломатиялық құжаттардың барлық корпусын жіктеу үшін бұл іске тарихшыларды, деректанушыларды, қосалқы тарихи пәндер бойынша мамандарды тарту қажет.

Жоғарыда аталған дипломатиялық құжаттардың әрбірі өзіндік ішкі сипатқа ие, сондықтан, деректанушылар мен тарихшылар дипломатиялық құжаттарды қоғам мен мемлекеттің даму тарихының белгілі бір нақты кезеңі бейнеленген маңызды тарихи дерек көзі ретінде қарастырып, олардан сол кезеңнің ерекшеліктері мен тарихына қатысты шынайылық деңгейі жоғары мәліметтер алу жолдарын іздестірулері керек. Ол үшін, дипломатиялық құжаттар басқа да тарихи деректер сияқты, историзм принципінен шыға отырып, нақты бір уақыт аралығы мен кеңістіктегі қоғам өмірімен тығыз байланыста зерттелуі қажет. Әрине, бұл тәуелсіз Қазақстан Республикасы тарихына да тән қағида.

Қазіргі кезеңдегі деректану ғылымының маңызды әрі өзекті міндеттерінің бірі — тарихи жазба деректердің ақпараттық қуатының принциптерін, жолдарын және әдіс-тәсілдерін өңдеу болып отыр. Осыған байланысты, тәуелсіз Қазақстан тарихы бойынша тарихи жазба құжаттары ретінде дипломатиялық құжаттармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдерін, одан ақпарат алу жолдарын жетілдірудің маңызы зор.

Деректанушы О.М. Медушевскаяның пікірінше, деректанудың алдында эвристік және сараптамалық міндет тұруы қажет. Эвристік міндет — нақты бір мемлекеттің немесе аймақтың жекелеген тарихи кезеңі мен тарихи үрдісі барысында жинақталған тарихи деректердің көптігіне, алуан түрлілігіне, жиынтығына, оларды жіктеуге бағыттаса, сараптамалық міндет — бұл тарихи деректерді талдаудың әдістерін өңдеу, олардан дәлелденген әрі толық ақпарат алу, сонымен бірге деректерді бағалаудың әдістерін анықтауға бағыттайды [11].

Дипломатиялық құжаттар өздерінің құрылымы, мазмұны, шығуы, пайда болуы жағынан ортақ түрге және мазмұнға ие. Мұның өзі дипломатиялық құжаттармен жұмыс жасаудың бірыңғай ортақ әдіс-тәсілдерін (дерекнамалық талдау жасау әдісін) құруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, деректанулық талдау жасаудың теориялық принциптері мен әдістері дипломатиялық құжаттармен ғылыми-тәжірибелік жұмыс жасау барысында үнемі толықтырылып (байып) отыратындығын ескеруіміз керек. Дипломатиялық құжаттармен жұмыс жасау барысындағы деректанулық әдістің мақсаты, біріншіден, фактілі мәлімет алу үшін дипломатиялық құжаттардың ақпараттық мүмкіндігін құру; екіншіден, дипломатиялық құжаттардың маңыздылығын дәлелдеу болып саналады. Осыған сәйкес, деректанулық әдіс кезең-кезеңмен және дәйекті түрде жүргізіледі. Сондықтан, деректанулық әдістің әрбір кезеңінде зерттеудің өзіндік мақсаты шешіліп, танымдық мақсатқа қол жеткізіледі.

Тарихи жазба дерек көздері ретінде дипломатиялық құжаттарға деректанулық талдау жасау бірнеше қырынан жүргізілуі мүмкін. Дегенмен, барлық жағдайда да келесідей арнайы міндеттер қойылуы тиіс: дипломатиялық құжат мәтінінің тарихын зерттеу; деректі жасаудағы нақты субъектінің рөлін анықтау; нақты дипломатиялық құжаттың орнын талдау; дипломатиялық құжаттың сипатын, ондағы түсініктерді анықтау; дипломатиялық құжаттарды әр алуан әлеуметтік-тарихи шындықтың бейнелену объектісі ретінде зерттеу. Демек, деректанулық талдау жасау әдісі арқылы біз дипломатиялық құжаттардың ақпараттық мүмкіндігін ашып, ондағы ақпаратты түсіндіруге мүмкіндік аламыз. Осы аталған міндеттерді келесі дипломатиялық құжаттардың мысалында анықтауға болады: 1991 ж. 30 желтоқсанда Австралияның Мәскеудегі Елшілігі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жіберген *Нотада* Австралияның Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін ресми түрде мойындап, дипломатиялық қатынастар орнатуға дайын екендігін көрсеткен. Сонымен қатар, аталған нотада Австралия үкіметінің Қазақстан Республикасына Елші ретінде Каван Хауганы аккредитациялайтыны және бұған Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің көзқарасы, пікірін білгісі келетіні жөнінде мәлімдеп, оның өмірбаянын нотаға қосымша ретінде жіберген [12].

1992 ж. 20 ақпанда Эстония Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне *Нота* жолдайды. Нотада «...*Правительство Эстонской Республики, уважая право народов суверенных государств и государственного строя, самостоятельного выбора путей политического, экономического, социального и культурного развития, на своем заседании 20 февраля 1992 года приняло решение о признании государственной независимости Республики Казахстан и выражает готовность установить с ней дипломатические отношения, а также развивать всесторонние связи*» [13] деген Эстония Республикасының Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін мойындағаны және онымен дипломатиялық қатынастар орнатуға дайын екендігі жөнінде тарихи мәлімет бар.

Мысалы, 1991 ж. 28 желтоқсанда Мәскеудегі Жапонияның Елшілігі Жапонияның Сыртқы істер министрі Митио Ватанвэнің атынан Қазақ КСР Сыртқы істер министрі А.Х. Арыстанбековаға Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін мойындағаны жөнінде *Хат* жібереді. Хатта «*Посольство Японии в Москве свидетельствует свое уважение Полномочному Представительству Республики Казахстан в Москве и имеет честь направить копию письма с неофициальным переводом Посольства с признанием независимости Республики Казахстан от г-на Митио ВАТАНВЭ, министра иностранных дел Японии, г-же А.Х. АРЫСТАНБЕКОВОЙ, министру иностранных дел Республики Казахстан*» [14] деп көрсетілген. Осылайша, қарастырылған құжаттардың екі түрі — ресми хатпен нотаның мазмұнынан біз шетел мемлекеттерінің Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін мойындағаны және дипломатиялық қатынастар орнатуға сенім білдіргенін анық көре аламыз. Бір ескеретін жағдай, біз бұл аталған дипломатиялық құжаттардың мазмұнынан бірден екі бағыт бойынша (тәуелсіздікті мойындау және дипломатиялық қарым-қатынас орнату) мәселесінің қарастырылғанын анықтауға болады.

Әрине, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы Қазақстан Республикасымен тек қана бір бағыт — дипломатиялық қатынастар орнату мәселесі бойынша дипломатиялық құжаттар да бар. Мысалы, 1992 ж. 29 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Түрікменстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне дипломатиялық қатынастарды орнату жөнінде *Нота* жолдаған. Нотада «*Министерство иностранных дел Республики Казахстан свидетельствует свое уважение Министерству иностранных дел Туркменистана и имеет честь сообщить, что Республика Казахстан готова установить дипломатические отношения с Туркменистаном*» [15; 45] деп көрсетілген. Аталған Нотаға жауап ретінде, 1992 ж. 5 қазанда Түрікменстанның Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне екі мемлекет арасында дипломатиялық қарым-қатынас орнату жөнінде *Нота* жіберген. Бұл Нотада «*...Министерство иностранных дел Туркменистана уполномоченно заявит Министерству иностранных дел Республики Казахстан о готовности установить с Республикой Казахстан дипломатические отношения в полном объеме*» [15; 46] деп көрсетілген. Қазақстан және Түрікменстан мемлекеттері арасындағы дипломатиялық қатынастар орнату жөніндегі Ноталарда екі мемлекеттің өзара дипломатиялық қатынастарды толық көлемде орнатуға дайын екендігін көре аламыз.

Дипломатиялық қарым-қатынас орнатуға бағытталған дипломатиялық құжаттардың келесі бір түрі — *Хат* маңызды болып саналады. Мысалы, 1992 ж. 23 шілдеде Грузия Республикасының Сыртқы істер министрі Александр Чикавидзе Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Төлеутай Сүлейменовке жауап *Хат* жолдаған. Хатта «*Уважаемый Тюлеутай Скакович! Имел честь получить Ваше письмо следующего содержания: Имею честь сослаться на наш разговор касательно установления дипломатических отношений между Республикой Казахстан и Республикой Грузия и предложить следующее: желая укреплять и развивать традиционные отношения дружбы и сотрудничества между нашими странами на основе принципов взаимного уважения, суверенитета и невмешательства во внутренние дела друг друга.....Республика Грузия и Республика Казахстан установят дипломатические отношения*» [15; 37] деген Хаттың мазмұнында Грузияның Қазақстан Республикасымен дипломатиялық қатынастарды орнатуға деген қалауын және екі мемлекеттің арасындағы дипломатиялық қатынастардың орнаған уақытын анықтауға болады.

Әрине, шетел мемлекеттерінің Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін мойындау және онымен дипломатиялық қарым-қатынас орнату жазба түрінде — ноталар алмасу, ресми келісімдер, сәйкес келетін коммюникелер және хат немесе телеграммалар алмасу жолдары арқылы жүзеге асырылған. Мұны 1-кестеден көре аламыз:

1 - кесте

1991-1999 жж. Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін мойындау және дипломатиялық қарым-қатынас орнату жөніндегі дипломатиялық құжаттардың түрлері [16]

Дипломатиялық құжаттардың түрлері	Құжаттың саны	Құжаттың мақсаты
Ноталар	63	ҚР тәуелсіздігін мойындау және онымен дипломатиялық қарым-қатынас орнату
Хаттамалар	34	ҚР тәуелсіздігін мойындау және онымен дипломатиялық қарым-қатынас орнату
Бірлескен коммюнике	10	ҚР тәуелсіздігін мойындау және онымен дипломатиялық қарым-қатынас орнату

1-кестенің жалғасы		
Келісімшарт	2	ҚР тәуелсіздігін мойындау және онымен дипломатиялық қарым-қатынас орнату
Хаттар	2	ҚР тәуелсіздігін мойындау және онымен дипломатиялық қарым-қатынас орнату
Жеке жолдама	1	ҚР тәуелсіздігін мойындау және онымен дипломатиялық қарым-қатынас орнату

Кестедегі мәліметті талдайтын болсақ: біздің анықтағанымыз, осы 112 дипломатиялық құжаттардың құрылу (жазылу) *мақсаты бір (белгілі бір мәселелені мақсат еткен)*, яғни Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін мойындау және онымен дипломатиялық қарым-қатынас орнатуды мақсат етсе, бұл дипломатиялық құжаттардың *түрлері әртүрлі*, яғни Нота, Хаттама, Бірлескен коммюнике, Келісімшарт, ресми Хат, Жеке жолдау түрінде жасалған.

Сонымен, тәуелсіздікті мойындау және дипломатиялық қатынастар орнату жөніндегі жоғарыда аталған дипломатиялық құжаттардың түрлерінің тәуелсіз Қазақстан Республикасының қалыптасуының алғашқы жылдардағы тарихын зерттеудегі маңызы зор. Себебі, дәл осы аталған дипломатиялық құжаттар арқылы біз Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін қандай мемлекеттер мойындағаны, дипломатиялық қарым-қатынас жасау барысында қандай принциптерді негізге алғандығы және тәуелсіздікті мойындау мен дипломатиялық қарым-қатынастың орнатылған жылы мен күні жөнінде құнды ақпарат аламыз және осы құжаттарға сүйенеміз.

Мұнан басқа, дипломатиялық құжаттың келесі бір түрі — Бірлескен мәлімдеменің де дерек ретіндегі маңызы бар. Мысалы, 2015 ж. 26-28 қазанда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев пен Жапония Премьер-министрі Синдзо «Жапония мен Қазақстан Республикасы арасында стратегиялық әріптестікті тереңдету және кеңейту туралы» *Бірлескен мәлімдемеге* [17] қол қойылды. Бұл құжаттың мазмұнына деректанулық талдау жасау барысында екі мемлекеттің атап айтқанда, ресурстар саласында қалыптасқан ынтымақтастығын және өзара тиімді ынтымақтастық қарым-қатынасты дамытуды, сондай-ақ екіжақты саяси-экономикалық қарым-қатынасты жаңа, анағұрлым жоғары және сапалы деңгейге көтерудің маңыздылығы туралы ортақ пікірге келгендігін көре аламыз. Сонымен бірге, Қазақстанның одан әрі дамуына бағытталған, Қазақстан іске асырып жатқан түрлі жобаларда Жапонияның технологиясы мен тәжірибесін тиімді қолдану және пайдалану екі ел арасындағы өзара тиімді ынтымақтастықтың негізі болып табылатыны жөнінде түсіністік танытқандығын анықтауға болады.

Дипломатиялық құжаттардың микро тарих үшін де маңызы зор. Мысалы, егер 1878 ж. Берлин конгресінің қабылдаған шешімі барысында пайда болған дипломатиялық құжаттарды және осы кездегі Оттомон империясы мен Греция, Албания, Болгария арасындағы шекараны анықтау бойынша қабылданған құжаттардан, сол сияқты 1996 ж. 26 сәуірде Шанхайдағы Қытай, Ресей, Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстан мемлекеттері елбасыларының алғашқы кездесуінде қол қойылған «Әскери сенім шараларын нығайту жөніндегі Келісімшарттан» [18], 1997 ж. қыркүйектегі ҚХР премьері Ли Пэн және 1998 ж. ҚХР төрағасы Цзянь Цземиннің Қазақстанға сапарының нәтижесінде Қазақстан мен Қытай арасындағы мемлекеттік шекара жөніндегі қосымша Келісімшарттан [19] микротарихтың шексіз санын табуға болады.

Дипломатиялық құжаттардың мазмұнынан тек қана саяси және экономикалық байланыстар тарихы туралы емес, сонымен қатар мемлекеттің мәдени-гуманитарлық байланыстар тарихы жөнінде де құнды ақпараттар алуға болады. Мысалы, қазіргі уақытта ақпараттық кеңістіктің жаһандану үрдісі аз халықтар мәдениетін басып тастау және ассимиляциялау қаупін төндіреді, ал ежелгі дәстүрлерге ұқыптап қарау әлемнің мәдени әртүрлілігін сақтауға ықпал етеді. Сондықтан, әлемдік мәдениетте жаңа есімді (тұлға есімі) ашу және өзара таныстырудың маңызды бір факторы бұл — әртүрлі ұлттық әдебиет пен мәдениет қайраткерлеріне әлемдік қауымдастықтың назарын аудартуға бағытталған және осыны мақсат ететін адамзаттың ұмытылмас датасының Күнтізбесін өңдеу болып саналады. Біздің ойымызша, Қазақстан Республикасы да ЮНЕСКО-ның мұндай инициативасынан тыс қалған жоқ және бұл тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап іске асырыла бастады. Мұның дәлелі ретінде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың ЮНЕСКО-ның Бас хатшысы Федерико Майор мырзаға жолдаған ресми *Хатын* атап көрсетуге болады. Аталған Хатта «...Добившись независимости мы хотим вобрать в себя лучшие образцы мировой культуры и вместе с тем раскрыть свои культурные особенности другим. В 1995 году исполняется 150 лет со дня

рождения Абая (Ибрагима) Кунанбаева, великого сына казахской земли, выдающегося мыслителя, поэта, философа, классика литературы и родоначальника современного казахского литературного языка..... Он знал в оригинале творения великих мастеров пера Востока — Фирдоуси, Низами, Саади. Абай своими переводами впервые открыл дорогу казахским читателям к бесмертным творениям Гете и Пушкина, Байрона и Лермонтова, Дюма-отца и Крылова..... Однако, это было лишь косвенное знакомство с личностью Поэта, т.к. из-за отсутствия широкой пропаганды его жизни и творчества, отсутствия достойных переводов его стихов на другие языки его прямое знакомство с читателями мира, можно сказать, еще не состоялось. Мы думаем, что настала пора восполнить этот пробел, поэтому просим отметить в 1995 году юбилей выдающегося казахского поэта, гуманиста и просветителя Абая в рамках ЮНЕСКО. Мы очень надеемся что Вы, господин генеральный секретарь и возглавляемое Вами ЮНЕСКО поддержите наши предложения» [20] деген құнды ақпарат сақталған. Сондықтан, мазмұны берілген ресми Хаттың маңызы бар деп санаймыз. Себебі, мұндай дипломатиялық құжаттың мазмұнынан тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарында-ақ әлемдік мәдениеттің жарқын көріністерін сіңіруге және шетел мемлекеттеріне еліміздің мәдени ерекшеліктерін көрсетуге деген ұмтылысты, алғашқы қадамдарды анықтауға болады. Осы дипломатиялық құжаттың арқасында ЮНЕСКО 1995 жылды «Абай жылы» деп жария етті және Абайдың 150 жылдық мерейтойы Париж, Анкара, Пекин, Каир т.б. қалаларда атап өтілді; Мәскеу, Санкт-Петербург, Оренбург, т.б. қалаларда Абайдың 150 жылдығына арналған салтанатты іс-шаралар өткізілді.

Қорытынды

Дипломатиялық құжаттар бірқатар құбылыстарды: қысқа немесе ұзақ мерзім аралығындағы мемлекеттер арасындағы саяси, экономикалық және мәдени байланыстарды, халықаралық және аймақтық ұйымдар шеңберіндегі ынтымақтастық тарихы мен мемлекеттің ұстанымдары, дипломатиялық хат алмасушы автордың, саяси қайраткерлердің рөлін, олардың мәселе мен жағдайға қатысты көзқарасын анықтауға мүмкіндік береді. Сондықтан, дипломатиялық құжаттар кешені тарихты зерттеу және тану үшін мықты ақпараттық корпус бола алады және оларды дерек көзі ретінде пайдалану, олардан шынайылық деңгейі жоғары мәлімет ала білу маңызды. Осы арқылы дипломатиялық құжаттар тарихшыларға өздерінің нақты зерттеу объектісін жан-жақты зерттеуге және ашуға көмектесері анық, сондықтан дипломатиялық құжаттарды тарихты зерттеу барысында тарихи жазба дерек көзі ретінде пайдаланудың маңызы зор. Сонымен бірге, дипломатиялық құжаттар арқылы біз Қазақстан Республикасының саяси-экономикалық тұрғыдан дамуын және оның сыртқы әлеммен мәдени-гуманитарлық байланыстарының даму деңгейін анықтай аламыз. Яғни, дипломатиялық құжаттар өзіндік ерекшеліктері мол тарихи жазба деректер түрінің құжаттық түріне жатады. Сондықтан, Қазақстан Республикасының тәуелсіздік жылдарындағы жинақталған, соның ішінде ҚР Президентінің архивіндегі дипломатиялық құжаттар кешеніне тарихи жазба дерек көзі ретінде ғылыми деректанулық тұрғыдан назар аудару қажет.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Ланглула Ш.В. Введение в изучение истории: учебник / Ш.В. Ланглула, Ш. Сеньобос; пер. с фр. — 2-е изд. — М., 2004. — 305 с.
- 2 Ключевский В.О. Курс лекции по источниковедению: сочинение [в 9 т.] / В.О. Ключевский. — М.: Мысль, 1989. — Т. 7. — 479 с.
- 3 Медушевская О.М. Теоретические проблемы источниковедения / О.М. Медушевская. — М., 1997. — 86 с.
- 4 Баранов Н.Н. Леопольд Фон Ранке: историк и его метод / Н.Н. Баранов. — М.: Наука, 1997. — 198 с.
- 5 Макашева К.Н. Дипломатиялық сөздік / К.Н. Макашева. — Алматы: Аян Әдет, 2000. — 248 б.
- 6 Әліпбаев А.Р. Дипломатиялық құжаттама / А.Р. Әліпбаев. — Алматы: Қазақ университеті, 2009. — 236 б.
- 7 «Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылдың 7 наурызындағы № 299 Заңы. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділігі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000299>
- 8 Тулеуова Б.Т. Дипломатическая документация / Б.Т. Тулеуова. — Караганда: Гласир, 2016. — 340 с.
- 9 Муратов Э.Н. Дипломатические документы и дипломатическая переписка / Э.Н. Муратов. — М.: АСТ: Астрель, 2001. — 220 с.
- 10 Акмадиева Г.П. Дипломатиялық құжаттар тәуелсіз Қазақстан тарихының дерегі ретінде. Филос. д-ры (PhD) ... дис. / Г.П. Акмадиева. — Астана, 2020. — 167 б.
- 11 Медушевская О.М. Источниковедение: теория, история, метод / О.М. Медушевская. — М., 1996. — 260 с.

- 12 АП РК. — Ф. 75-Н. — Оп. 1. — Д. 128. — Л. 1-2, 5-6.
- 13 АП РК. — Ф. 75-Н. — Оп. 1. — Д. 84. — Л. 29.
- 14 АП РК. — Ф. 75-Н. — Оп. 1. — Д. 132. — Л. 5-7.
- 15 АП РК. — Ф. 75-Н. — Оп. 1. — Д. 83. — Л. 37, 45, 46.
- 16 Токаев К.К. Дипломатия Республики Казахстан / К.К. Токаев. — Астана: Елорда, 2001. — 552 с.
- 17 Совместное заявление об углублении и расширении стратегического партнерства между Японией и Республикой Казахстан. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: http://www.kz.emb-japan.go.jp/relations/151029_kyoudou_ru.pdf.
- 18 Соглашение между Российской Федерацией, Республикой Казахстан, Киргизской Республикой, Республикой Таджикистан и Китайской Народной Республикой об укреплении доверия в военной области в районе границы. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z960000057>.
- 19 Дополнительное Соглашение между Республикой Казахстан и Китайской Народной Республикой о казахстанско-китайской границе. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z9900000351>.
- 20 АП РК. — Ф. 75-Н. — Оп. 1. — Д. 81. — Л. 1-2.

Ж.Т. Джолдыбаев, С.Т. Мусаева, Н.Р. Мырзаханова, Э.А. Байдалиева

История независимого Казахстана в дипломатических документах (источниковедческий анализ)

Историческая наука предполагает работу с историческими источниками как основную деятельность исследователя. Роль и место исторического источника в исследованиях историков теснит знания, полученные посредством чтения прежней историографии. Это особенно важно при изучении исторических источников нового плана, которые предполагают межгосударственные отношения и историю международных связей, а также внешнюю политику. Данный аспект источниковедения повышает значимость дипломатических документов как особого вида письменных источников новейшей истории. В статье рассматривается роль исторических источников как документов в сфере дипломатии, когда наступает новая эра, диктуемая умножением и повышением значения современных дипломатических документов. Авторы статьи доказывают важность изучения истории с помощью дипломатических документов. Актуальность темы исследования объясняется развитием истории международных отношений и внешней политики в эпоху глобализации и интеграции, а также взаимодействием государств и международных организаций, которые составляют содержание современного контекста международных отношений. В рамках исторического источниковедения отмечается развитие документальной среды за счет умножения количества и развития качества дипломатических документов. Это требует новых подходов к привлечению данных документов в исторические исследования, а также новых перспектив их классификации как дипломатических исторических источников. С точки зрения авторов именно на основе таких источников можно расширить творческий потенциал группы историков международных отношений и дипломатии для перспективного изучения современной истории Казахстана как этапа новейшей истории.

Ключевые слова: история независимого Казахстана, дипломатический документ, дипломатия, история внешней политики, исторический источник, источниковедение, классификация дипломатических документов.

Zh. Dzholdybaev, S.T. Mussayeva, N.R. Myrzakhanova, E.A. Baidaliev

History of independent Kazakhstan in diplomatic documents (source analysis)

Historical science involves working with historical sources as the main activity of the historian. The role and place of historical source in the research of historians crowds the knowledge obtained by reading the previous historiography. This is especially important in the study of historical sources of the new plan, which involves interstate history and the history of international relations and foreign policy. This aspect of source study increases the importance of diplomatic documents as a special type of written sources of modern history. The article considers the role of historical sources as documents in the field of diplomacy, when a new era is coming, dictated by the multiplication and increasing importance of modern diplomatic documents. The relevance of this topic of the article is explained by the development of the history of international relations and foreign policy in the era of globalization and integration, interrelations and interdependence of states and international organizations, which constitute the content of the modern context of international relations. In

terms of historical source study, there is a development of the documentary environment due to the multiplication of the quantity and development of the quality of diplomatic documents. This requires new approaches in attracting these documents to the knowledge of history, as well as new perspectives for the classification of diplomatic historical sources. From our point of view, it is on this basis possible to increase the creative potential of a group of historians of international relations and diplomacy for the prospective study of modern history of Kazakhstan as a stage of modern history.

Keywords: history of independent Kazakhstan, diplomatic document, diplomacy, history of foreign policy, historical source, source study, classification of diplomatic documents.

References

- 1 Langlula, Sh.V. & Senobos, Sh. (2004). *Vvedenie v izuchenie istorii: uchebnik [Introduction to the study of history: textbook]*. Moscow [in Russian].
- 2 Kliuchevskii, V.O. (1989). *Kurs leksii po istochnikovedeniiu: sochinenie [Course lecture on sources: composition]*. (Vols. 1–9; Vol. 7). Moscow: Mysl [in Russian].
- 3 Medushevskaya, O.M. (1997). *Teoreticheskie problemy istochnikovedeniia [Theoretical problems of the source]*. Moscow [in Russian].
- 4 Baranov, N.N. (1997). *Leopold Fon Ranke: istorik i ego metod [Leopold Von Ranke: historian and his method]*. Moscow: Nauka [in Russian].
- 5 Makasheva, K.N. (2000). *Diplomatiialyq sozдық [Diplomatic dictionary]*. Almaty: Aian Adet [in Kazakh].
- 6 Alipbaev, A.R. (2009). *Diplomatiialyq quhattama [Diplomatic documentation]*. Almaty: Qazaq universiteti [in Kazakh].
- 7 «Qazaqstan Respublikasynyn diplomatiialyq qyzmeti turaly» Qazaqstan Respublikasynyn 2002 zhyldyn 7 nauryzyndagy № 299 Zany [The Law of the Republic of Kazakhstan dated March 7, 2002 No. 299 «On the Diplomatic Service of the Republic of Kazakhstan»]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000299> [in Kazakh].
- 8 Tuleuova, B.T. (2016). *Diplomaticheskaya dokumentatsiya [Diplomatic documentation]*. Karaganda: Glasir [in Russian].
- 9 Muratov, E.N. (2001). *Diplomaticheskie dokumenty i diplomaticheskaya perepiska [Diplomatic documents and diplomatic correspondence]*. Moscow: AST: Astrel [in Russian].
- 10 Akmadiyeva, G.P. (2020). *Diplomatiialyq quzhattar tauelsiz Qazaqstan tarikhynyn deregi retinde [Diplomatic documents as evidence of the history of independent Kazakhstan]*. *Doctor's thesis*. Astana [in Kazakh].
- 11 Medushevskaya, O.M. (1996). *Istochnikovedenie: teoriya, istoriya, metod [Istochnikovedenie: theory, history, method]*. Moscow [in Russian].
- 12 AP RK [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan]. — F. 75-N. — Op. 1. — D. 128. — L. 1-2, 5-6 [in Russian].
- 13 AP RK [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan]. — F. 75-N. — Op. 1. — D. 84. — L. 29 [in Russian].
- 14 AP RK [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan]. — F. 75-N. — Op. 1. — D. 132. — L. 5–7 [in Russian].
- 15 AP RK [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan]. — F. 75-N. — Op. 1. — D. 83. — L. 37, 45, 46 [in Russian].
- 16 Tokaev, K.K. (2001). *Diplomatiya Respubliki Kazakhstan [Diplomacy of the Republic of Kazakhstan]*. Astana: Elorda [in Russian].
- 17 Sovmestnoe zaiavlenie ob uglublenii i rasshirenii strategicheskogo partnerstva mezhdu Yaponiei i Respublikoi Kazakhstan [Joint statement on the deepening and expansion of strategic partnership between Japan and the Republic of Kazakhstan]. *kz.emb-japan.go.jp*. Retrieved from http://www.kz.emb-japan.go.jp/relations/151029_kyoudou_ru.pdf [in Russian].
- 18 Soglasenie mezhdu Rossiiskoi Federatsiei, Respublikoi Kazakhstan, Kirgizskoi Respublikoi, Respublikoi Tadzhikistan i Kitaiskoi Narodnoi Respublikoi ob ukreplenii doveriia v voennoi oblasti v raione granitsy [Agreement between the Russian Federation, the Republic of Kazakhstan, the Kyrgyz Republic, the Republic of Tajikistan and the Chinese People's Republic on the strengthening of trust in the military region in the border region]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z960000057> [in Russian].
- 19 Dopolnitelnoe Soglasenie mezhdu Respublikoi Kazakhstan i Kitaiskoi Narodnoi Respublikoi o kazakhstansko-kitaiskoi granitse [Additional Agreement between the Republic of Kazakhstan and the Chinese People's Republic on the Kazakh-Chinese border]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z990000351>
- 20 AP RK [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan]. — F. 75-N. — Op. 1. — D. 81. — L. 1-2 [in Russian].

Авторлар туралы мәліметтер

Джолдыбаев Жомарт — т.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0007-1980-8914>

Мусаева Суйкүм — п.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0000-3368-4929>

Мырзаханова Назгул — магистр, аға оқытушы, М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0004-0304-3169>

Байдалиева Эльмира — магистр, аға оқытушы, академик Ә. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті, Шымкент, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0005-3576-8196>

Information about the authors

Dzholdybaev Zhomart — Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, M. Auezova South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0007-1980-8914>

Mussayeva Suikum — Candidate of Historical Sciences, Senior Lecturer, M. Auezova South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0000-3368-4929>

Myrzakhanova Nazgul — Master, Senior Lecturer, M.H. Dulati Taraz University, Taraz, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0004-0304-3169>

Baidalieva Elmira — Master, Senior Lecturer, Academician A. Kuatbekov Peoples' Friendship University, Shymkent, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0005-3576-8196>